

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ

МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

---

Мемлекет және қоғам қайраткері, жазушы-публицист, ғалым-ұстаз  
Камал Смайловтың

80 жылдық мерейтойна арналған

**«КАМАЛ СМАЙЛОВ –  
ПУБЛИЦИСТ, ҚАЙРАТКЕР»**

атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары

24 сәуір 2012

Материалы международной научно-практической конференции,  
посвященной празднованию 80-летия государственного и  
общественного деятеля, писателя, публициста, ученого и педагога  
Камала Смаилова,

**«КАМАЛ СМАИЛОВ – ПУБЛИЦИСТ,  
ГОСУДАРСТВЕННЫЙ И  
ОБЩЕСТВЕННЫЙ ДЕЯТЕЛЬ»**

24 апреля 2012

Алматы

«Қазақ университеті»

2012

**Ғылыми редактор:**

з.ғ.д., проф., журналистика факультетінің деканы *E.O. Алауханов*

**Жауапты редактор:**

саяси ғ.д., профессор, баспасөз және электронды БАҚ кафедрасы менгерушісінің орынбасары *Г.С. Сұлтанбаева*

**Редакциялық алқа мүшелері:**

филол.ғ.д., проф., баспасөз және электронды БАҚ кафедрасының менгерушісі *Қ.Ж. Тұрсын*; филол.ғ.к., баспа ісі және дизайны БАҚ кафедрасының менгерушісі *С.М. Медеубек*; филол.ғ.к., доцент, ЮНЕСКО, халықаралық журналистика және қоғаммен байланыс кафедрасының менгерушісі *А.А. Ниязғұлова*; тарих ғ.д., академик, Қазақстан Журналистика Академиясының президенті *С.Қ. Қозыбаев*; филол.ғ.д., баспасөз және электронды БАҚ кафедрасының профессоры *Ш.Ы. Нұргожина*; т.ғ.д., баспасөз және электронды БАҚ кафедрасының профессоры *С.Х. Барлыбаева*

**Мемлекет** және қоғам қайраткері, жазушы-публицист, ғалым-ұстаз Камал Смайыловтың 80 жылдық мерейтойына арналған «Камал Смайылов – публицист, қайраткер» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. 24 сәуір 2012. – Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 170 б.

**ISBN 978-601-247-426-8**

Жинаққа белгілі мемлекет және қоғам қайраткері, жазушы-публицист, ғалым-ұстаз Камал Смайыловтың 80 жылдық мерейтойына арналған «Камал Смайылов – публицист, қайраткер» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары енгізілді.

Ғылыми жинақта қазак киносының қалыптасу және даму жолдарындағы негізгі кезеңдері, отандық телевизияның оркениет әлеміндегі орны мен келешегі талданып, Камал Сейітжанұлы Смайыловтың редакторлық, публицистік һәм журналистік қызметі жайлы материалдар жарияланды.

Жинақ публицистика, кино, драматургия және режиссура саласын зерттеуші ғалымдар мен ізденушілерге, PhD докторанттар, магистранттар мен студенттерге және көпшілік оқырманға арналған.

## МАЗМУНЫ

<b>Мұтанов Ф.</b> Сенгірлі сексен .....	3
<b>Мұхамедиұлы А.</b> Құттықтау сөзі .....	3
<b>Ағзамхождаева С.</b> Художественная культура и духовный потенциал личности.....	4
<b>Айымбетова С.</b> Камал Смайлов – қазақ киносының теоретигі .....	6
<b>Айдарова А.М.</b> «Кардиограмма»: қазақ кинорежиссурасының жаңа моделі .....	8
<b>Альжанова А.Б.</b> Развитие национальной публистики .....	12
<b>Ахмет А.</b> Тәуелсіздік кезеңіндегі ұлттық қаһарман – оның экрандағы көркемдік шешімі.....	13
<b>Әбілдина Ф.</b> Қазіргі телевидение мүмкіндігі .....	16
<b>Әннас Б.</b> Жамбыл бейнесін экранда сомдаудағы поэтикалық шешімдер .....	22
<b>Барлыбаева С.Х.</b> Современные тенденции электронных СМИ в Казахстане.....	24
<b>Величченко С.</b> Камал Смайлов и его роль в развитии казахского ТВ .....	29
<b>Галиев К.С.</b> Формат реалити-шоу на казахстанских телеканалах .....	30
<b>Дудинова Е.И.</b> Массово-информационная безопасность общества и нравственное состояние системы СМИ.....	32
<b>Еркебай А.С.</b> Бұлғынгі қазақ театрның шығармашылық деңгейі.....	36
<b>Ескендер Н.Р. Т.</b> Жүргеновтың театрлық-эстетикалық қозқарасы .....	40
<b>Есхуатова Н.</b> Камал Смайлов – наставник и его методика преподавания .....	43
<b>Жақсылыкова М. Қ.</b> Мұхамеджанов драматургиясының қазақ актерлік өнеріне тигізген ықпалы .....	45
<b>Жаңбыршиева А.О.</b> Дарындылығымен танылған дара тұлға .....	47
<b>Журавлева Т.Л.</b> Творчество режиссера С.Д. Бубрика и его вклад .....	49
<b>Исламбаева З.</b> «Қазактар» спектакліндегі тәуелсіздік сарын.....	52
<b>Қабышева Ш.</b> Режиссер ізденісіндегі жаңалықтар.....	54
<b>Кадыров М.</b> Особенности традиционной театрально-зрелищной культуры туркоязычных народов Центральной Азии XX века .....	56
<b>Кажнабиева Б. Қ.</b> Сүгірбековтың театрдағы қолтаңбасы .....	58
<b>Кенжегулова Н.С.</b> Камал Смайлов – публицист, человек будущего.....	61
<b>Қозыбаев С., Ошанова О.</b> Қазақ журналистикасының қара нары .....	62
<b>Қосанова Г.</b> Исатай Исабаевтың графика саласындағы өзіндік қолтаңбасы .....	68
<b>Кундахбаева А.Т.</b> «Пути развития СМИ в Астане» 70	
<b>Ложникова О.П.</b> Документальное кино в Казахстане: традиции и современность .....	73
<b>Мамытова Г.М.</b> Тәуелсіздік жылдарындағы казақ анимациясының даму ерекшеліктері .....	76
<b>Мурсалимова Г.А.</b> 1970-80-жылдардағы кеңестік казақ көркемсүретті балалар киносының ерекшеліктері .....	79
<b>Мухамедиева Н.Б.</b> Журналистика жайлы бірер сөз.....	83
<b>А Мұқан.</b> Дауылшаз ақын драматургиясы .....	84
<b>Мысаева Қ.</b> Журналистік білім беруде инновациялық-коммуникативтік әдістерді қолдану тәсілдері .....	89
<b>Ногербек Б.</b> Смайлов Камал – первый продюсер национального кино .....	91
<b>Нода Л.П., Мироненко С.</b> Концепт «время» в творчестве Б.А. Пильняка .....	93
<b>Нургожина Ш.И.</b> Школа журнализа в КазНУ: опыт и практика .....	96
<b>Нұржанова Ш.</b> Камал Смайлов – публицист .....	98
<b>Нұрпейіс Б.</b> Сахна суреткери .....	100
<b>Медеубекұлы С.</b> Замансоздің ауызша түрі – шешенсөзді зерттеу мәселелері .....	104
<b>Өзбекова Г.С.</b> «Жас алаш» газетіндегі әдебиет тақырыбының жазылуы .....	107
<b>Рожков А.В.</b> Журналистика на стыке эпох.....	109
<b>Сембаева М.Б.</b> Қазақ киносындағы ұлттық музыканың ерекшеліктері .....	111
<b>Сұлтанбаева Г.С.</b> Қазақ публицистикасындағы Камал Смайловтың қолтаңбасы .....	114
<b>Сұлтанбаева Э.</b> Ұлттық идея – қазақ қоғамының рухани мәйегі .....	116
<b>Тәшімова М.</b> «Абай» қойылымындағы актерлік ойын улгілері .....	119
<b>Тлепбергенова А.А.</b> Публицистика и СМИ: современные аспекты взаимодействия .....	123
<b>Тlepbergenov R.M.</b> Тенденции развития театральных зданий зарубежной практике .....	125
<b>Туляходжаева М.Т.</b> Вопросы сохранения национальных традиций театральной школы в условиях глобализации .....	127
<b>Турдалиева Б.К.</b> Тіл – ұлттың рухы .....	130
<b>Тұрсын Қ.Ж.</b> Камал әлемі .....	134
<b>Шарип Б.</b> Благодарная память .....	137
<b>Шыңғысова Н.</b> Корпоративтіk PR – ұтымды бизнес кепілі .....	141
<b>Хамирова М.</b> Художественный этикет на сцене: это правда или вымысел? .....	144
<b>Үйдірыс З.А. F.</b> Маданов пен А. Есдөuletov түніндиларындағы мифошығармашылық .....	147
<b>Құрманбаева А. К.</b> Смайловтың «полигон» жолсапар жазбалары .....	151

Аналог российской программы «Давай поженимся» на канале КТК постоянно привлекает студентов журфака. Для них участие в подобных программах – не просто развлечение, а опыт участия в реальной телепрограмме, где требуется импровизация, естественное поведение и грамотное изложение своих мыслей.

Между тем большинство нареканий в адрес молодых журналистов надо признать справедливыми. Однако уместно напомнить банальную, но верную истину: не ошибается тот, кто ничего не делает. В прямом и переносном смысле.

Сегодня обучение по кредитной системе в КазНУ имени аль-Фараби, в том числе и на журфаке, позволяет студентам самим формировать образовательную траекторию в зависимости от того, где конкретно они планируют работать в будущем. Кафедра печати и электронных СМИ предлагает на выбор огромное число спецкурсов по печати, радио, телевидению, а также по тематической специализации – деловая, молодежная, правовая и др. журналистика.

Для ведения подобных элективных дисциплин привлекаются известные в медийной среде личности. Несколько лет на факультете работал Артур Платонов, ведущий программ «Портрет недели», «Слуги народа», вела мастер классы Айгуль Мукей – директор телеканала «Ел Арна» и др.

Однако преподаватели знают, с какими трудностями и неожиданностями можно столкнуться, когда в штате факультета работают известные журналисты, основным местом работы которых являются редакции СМИ. Для журналистов это неожиданные выезды по заданию редакций, срочная работа, заседания и пресс-конференции и т.д. и т.п. Для преподавателей – это поиск замены, полноценные лекции в течение всего семестра, своевременное выставление баллов и т.д. Нужно иметь дублера на каждого приглашенного известного журналиста. Возможно, это и есть тот самый компромисс, который бы устроил обе стороны. Главное, чтобы студенты получали полноценные знания, учились журналистике не только в аудиториях.

Еще один немаловажный аспект. Современная журналистика не только сильно помолодела. Она очень сильно феминизировалась. Впрочем, феминизация сопровождает очень многие сферы. Так, если раньше за рулем автомобиля редко можно было увидеть женское лицо, то сегодня это уже никого не удивляет. Значительно легче стало управление автомобилем, чему поспособствовал технический прогресс. То же самое можно сказать и о журналистике. Процесс добычи информации уже не представляет собой страшную картину, когда надо было спускаться в забой шахты, или подниматься на высоту строящегося здания. Можно прочитать в Интернете или посмотреть там же, как все это выглядит, и после этого написать репортаж «с места события». Жизнь стала легче? Нет, жизнь не стала легче и не стала тяжелее. Изменились условия работы. Значит, наша задача, не упустить важный момент перехода ко всему новому, лучшему и вовремя суметь показать молодым дорогу к настоящему профессионализму.

**Ш. Нуржанова,**

*Қазақ Ұлттық университетінің  
журналистика факультетінің ага оқытушысы*

## **КАМАЛ СМАЙЫЛОВ – ПУБЛИЦИСТ**

Мен бұрын тек қана сыртай теледидардан көріп, ең алғаш ол кісінің «Фильм осылай туды» деген еңбекін оқып шыққаным бар. Кейін университет қабырғасында жүргенде басқа да еңбектерімен жete таныстым. Ол кісінің өзімен тек сырттай ғана таныс болдым. Университет бітіріп Марат Кәрібай ұлы Барманқұловтың кафедрасында қызмет етіп жүргенде жиі келіп тұратын. Бірде кафедрада отырған біздерге бұл біздің Камал Сейітжанұлы, үлкен азамат, оның мына қазақ киносы, телевидениесі үшін атқарған еңбекі орасан зор ғой, – деді Марат Кәрібайұлы. Мұны естіп тұрған Камал аға бізге қарап жынысып езу тартып күліп койды. Мен осылай алғаш рет кафедрада Камал ағамен осылай таныстым. Факультеттегі мемлекеттік емтихандардың төрагасы болды. Емтиханға әділ, әрі жүргегі жұмсақ болатын. Баға келгенде таршылық жасамайтын. Арада жыдар етіп жатты. Жас сәбілі болып болып үйде ұлыммен демалыста жүрген болатынын. Бір күні көптен көрмеген университете менен бір курс жоғары оқыған Бекжігіт Сердәлі күтпеген жерден үйге келді. Ол Түркістандағы Қожа Ахмет

Яссай университетінде сабак береді екен. Мен гылыми жұмысымды Камал Смайылов ағаның публицистикасын зерттеуге алдым, – деді. Мен бірден тақырыбын жақсы екен, оның үстіне Камал аға көзір ортамызда, саған ол кісінің публицистикасынан жазып шығу қынға соқпайды дедім. Бұның ете дұрыс болған екен дедім. Бекжігіт өзі студент кезінен жақсы жазатын талантты замандастарымыздың бірі. Айтқандай ол Камал ағаның публицистикасынан өте керемет жазыл, корғал шыкты.

Ал, өнер сүйер қауымның көбісі ол кісінің еңбектерімен жақсы таныс. К. Смайловтың сонау алпысынышы жылдардан бастап шықкан «Сенің бақытың», «Мамандықтың бәрі жақсы», «Жана адамды тәрбиелу – комсомолдың басты міндегі», «Біздің ғарыш ғаламат», «XXI ғасырға саяхат», «Становление казахской кинодраматургии//Очерки истории казахского кино», «Фильм осылай туды», «Он бірінші», «Өмірідің өзімен өлшесек», «Адам және азамат», «Адал адамдар – адамзат жағдайында», «Ғасыр қырқасында», «Оянган ойлар», «Жолданбаған 27 хат», «Елім саған айтамын, ел басы сен де тында!», «Қазақ киносының тарихы», «Жеті қыр бір сыр», «Қигаш кітап» және де тағы басқа еңбектері өнер мектебінің шекірттері, өнертанушы ғалымдар арасында және көпшілік оқырманға танымалы еңбектер.

Мен осы макаланы жазар алдында Камал ағаның «Бақытты болыңыз! 28.III.1982ж. «деген өзінің кол таңбасы бар ол кісінің еңбектерінен ен алғаш оқыған «Фильм осылай туды» кітабын қайта қарап шыктым. Өйткені, осы еңбегіндеказакфильмдерімен кеңес одағы кезіндегі фильмдер туралы толық мағұлматқа қанығасын. Ен басты кино туралы идеядан бастап, сценарий жазылғаннан көрерменге жеткенге дейінгі әрбір сәтін өте шебер баяндаған.

Бұл еңбек кино өнері саласындағы зерттеуші ғалымдар үшін алғашқы әліппе кітап десемде болады. Өйткені, казақ тіліндегі сонау 80-жылдардағы бірден бір қолдан қолға тимей оқылған окулық кітап болды. Кино өнерін зерттеушілер үшін үлкен маңызы бар гылыми еңбек. Отыз жылдан асса да әлі қүнге дейін құнын жоғалтқан емес. Мұнда автор кеңес одағы кезіндегі фильмдерді талдай отырып оның ішінде қазақ киносының кухниясына кеңінен токталып бүге-шегесіне дейін қалдырмай, сол кездердегі кино классиктерінің пікірлерін толығымен келтіре отырып, әр киноның қалай дүниеге келгені туралы басынан аяғына дейін талдап, керек жерінде өз ойларын айта отырып жақсы баяндаған. Бұл еңбекті оқып шықкан кез келген оқырман әрбір қазақ киносының қалай дүниеге келгені туралы толық мағұлмат алатын энциклопедиялық дүние.

Камал ағамыз осы еңбегінде: «Шынында, актер қанша талантты болғанымен өз тағдырын өзі билей алмайды. Ол әрқашан режиссер үкімін күтеді-дей келе ары қарай» Содан Шәкен өзі құрметке бөлениген белгілі актер әрі режиссер бола жүріп өнердің кара шаңырағы – театрды тастан кинога келді. Бұл – оның әрі көргендігі, әрі уақыттың талабын, тілегін сезе білгендігі. Егер Шәкен сонда «Қазақфильмге» келмесе, кейін он бір көркем суретті фильмін қоймаса, қазақ кино қанша кенжелеп-кешеуілдеп қалар еді»-деп қазақ киносының ардагері Шәкен Айманов туралы ағынан жарылып өз ойларын айтады.

Тағы бірде, автор Қызылорда өңірінде болып сол елді мекен де түсірілген фильм жайын: «Фильмдегі ен бір әсерлі жерлер келгенде беттерін даланың желі мен күні тотықтарын осы адамдар шын жүректен кейде танырқап, кейде куанып отырады. Серкебай өзінің кара тақыр жерден шықпаған адам екенін айтып, тебіреніп үш ағаштың арасында жүрген кезде зал тына қалады. Председательге ерекесіп серкенің мүйізінен ұстал Серкебай дарияға қойып бергенде жүр арасынан «ойпир-ай» деген дауыстар естілді. Ал, келе жатқан көш күдіктан су таба алмай капаланған кезде әлі отырған үш әйелдің көздеріне келген жасын жаулықтың шетімен сүртіп тастағанын да көріп қалдық. Сол бір ғана әрекеттен осы отырған әйелдердің Серкебайлар көрген күнді кинодан емес, талай рет, шөлдегендерден айтпай-ақ сезгендейсің. Сен- гендейсің» дей келе табигатпен бірге адамдардың мінез күлкін әдемі суреттеген. Осыған қарап Камал Смайылов үлкен суреткөр дер едім.

Қазақ кино өнерінің үлттық кинодраматургияның туу, даму және қалыптасу тарихы оның ішінде қазақ әдебиетінің елеулі бір жанры, саласы болып қалыптасып кележатқаны туралы өз пікірін білдіреді.

Сонау Ұлы Отан соғысы кезіндегі батыр Бауыржан Момышұлы туралы өз ойын айта келе «Алғаш 1945 жылы Бауыржан Момышұлы туралы жазылған «Арпалыс» атты әйгілі кітап бойынша фильм жасау жөнінде ой туды. Ел арасына кең тарған кітапты пайдаланып, аты аңызға айналған батыр бейнесін экранға шығару – жүрт күтсекі, ел аңсаған іс болатын. Ол өте қын да күрделі жұмыс еді. Тамаша жазушы Александр Бек жазған бұл кітап одан жиырма жыл бүрын жарық көріп, көпкө әйгілі болған» -дейді.

Сол кездегі осы фильмді түсіру барысындағы талқылау үстіндегі айтылған ойлар туралы бірнеше мысалдар көлтіріледі.

«...Бетпе-бет екі жақ арпалысып жатыр. Бірде ротаны шабуылға көтеретін сәт туды. Толстунов қасына келіп, «мүмкін ротаны шабулға көтереміз, «Ура!» деп айқай салайық па?» деп сұраганда Бауыржан «Сен көтер ротаны!» - дейді де өзі окопта қозгалмай жатады. Сосын басқа бір командир көтеріліп, шабулға ұмтылады. Жау оғынан мұрттай ұшып ол құлайды. Екінші біреуін тұрғызады, ол да мерт болды. Сосын шыдамай Толстунов тұра жүгіреді. Оның басқа солдаттармен бірге Бауыржан да тұрып жүтіріп бара жатады. Ол жұртпен бірге емес, жұрттан бұрын тұруы, бұрын жүгіруі керек еді гой. Өмірде, шындықта солай болған жоқ па еді? Ал сценарийде басқаша.

Тек соғыс оқиғаларын алып көрсетіп қана қойса, ол фильм кімге қызық болар еді? Белгілі оқиғалармен қоса белгісіз адамдарды, олардың ойларын, сезімдермен көрсету қажет. Арада соғыс туралы бірнеше жақсы фильмдер шықты. «Солдат туралы баллада» фильмінен кейін қатал командирлер мен ержүрек солдаттарды көрсетумен ғана тынуға болмайды. Олардың жалпы, ортақ типтік сырпаттарын бірыңғай көрсету жетеді, енді киген шинельдері бірдей болғанымен харakterлері, ойлары, сезімдері әр басқа солдаттардың ерекшеліктерін көрсету қажет.

Ал, шынында казактардың Ұлы Отан соғысындағы көрсеткен ерліктері, сол ерліктерді жасаган ұлдар мен қыздар туралы не тамаша фильмдер жасауға болатын еді ғой. Сол ұлы соғыстың қандай елеулі оқиғалары, шешуші сәттері болмасын, солардың ортасында казак елеулі оқиғалары, шешуші сәттері болмасын, солардың ортасында қазак жауынгерлері жүргенін көрсету керек дей отырып қазак халқының батыр халық екенін таныту туралы ой қозғайды. Жалпы, Камал Смайловтың қандай еңбегін алып оқысаңыз тілі женіл бір серпінмен өте женіл тез оқылады. Әрі оқырманың жалықтырмайды. Бір қызықты көркем әдебиет оқып отырғандай сезінесің. Кітаптың атының өзі айтып тұрғандай- «Атаманның акыры қалай туды?», «Транссібір экспресі», «Қыз Жібек қалай туған?», «Қыз Жібек осылай түсірілді», «Экранда Әуезов туындылары», «Қан мен тер-экранда», «Қазақ фильмдері шетелдерде» және т.б. бірнеше фильмдердің қалай дүниеге келгенін бастап қалай сценарий жазылып, қалай түсірілгеніне дейінгі барлық процестерді үш бөлімнен тұратын осы кітапта жақсы талданып, баяндалған.

Сондай-ақ, К.Смайлов талай лауазымды мемлекеттіка қызметтерді атқара жүріп, өнер саласында қазак киносына сіңірген еңбекімен қатар, журналистика саласында ауқымды еңбектері бір төбе, шәкірт тәрбиелеудегі еңбегі де ұлан ғайыр дер едім. Алдағы уақытта К. Смайловтың ұстаздық жолы, ғылымға салған сара жолы, творчествалық жұмысытари жеке жеке зерттеліп талай ғылыми жұмыстар жазылары сөзсіз.

**Б. Нұрпейіс,**

өнертану докторы, профессор,

Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы кино,

ТВ және өнертану факультетінің деканы,

Қазақстан

## **САХНА СҮРЕТКЕРІ**

Казак театр режиссурасының тарихына сәл үңілетін болсақ, онда бір-біріне ұқсамайтын, бірін-бірі қайталамайтын біртуар режиссерлеріміз көз алдымызға тізіле қалады.

Сонау XX ғасырдың басында Ж. Аймауытов пен Ж.Шанин негізін қалап, шаңырағын көтеріп берген театр режиссурасының туын жықпай алға сүйреген әр буын өкілдері А. Токпанов, Ш. Айманов, Ә. Мәмбетов, т.б. майталман режиссерлеріміз қазақ театрының әлемге танылуына сүбелі үлес косты.

Сол дарынды топтың арасынан өзіндік қолтаңбасымен ерекшеленетін режиссердің бірі – Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, профессор Әубекір Рахимов. Ол 1966-1968 жылдардың аралығында М.Әуезов атындағы драма театры жанынан ашылған театр студиясында оқып, Ә.Мәмбетов, Қ.Куандыков, Қ.Жетпісбаев сынды өнер шеберлерінен дәрістер тыңдады. Студияны бітіргеннен кейін Жамбыл театрына жолдамамен барып, сол жылдары атальыш театрда режиссерлік етіп жүрген А.Токпановтан мол тәлім алады. Білікті де, білімді режиссер А. Токпанов